

# ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 135 (9197)

1953 жылғы 8 июль Сәрсенбі

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

(Партияның XIX съезінің директиваларынан).

## Ерікті спорт қоғамдары

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX-съезі бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында физкультура мен спортты онан әрі өрістете түсудің қажеттігін атап көрсетті. Міне, мұның өзі еңбекшілерге дене шынықтыру тәрбиесін беру ісіне партиямыз бен үкметіміздің арқашан ерекше қамқорлық жасап отырғандығын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл жағдай жергілікті спорт ұйымдарының алдына аса жауапты міндеттер қояды.

Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруда жергілікті жерлердегі ерікті спорт қоғамдары зор роль атқарады. Олар ауыл-село еңбекшілерін, жұмысшылар мен интеллигенцияны спорт жұмыстарына кеңінен қатыстыру арқылы еңбекшілерге дене шынықтыру тәрбиесін беру міндетін жүзеге асырып отырады. Бас, бұл істе бүкіл еліміздегі сыяқты біздің облысымыздың да ерікті спорт қоғамдары ең ны жылдары елеулі табыстарға ие болып келеді.

Қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан түрлі спорт жұмыстары, сол сыяқты, жеңіл атлетикашылардың жұмыс болып өткен облыстық спартакиадасы физкультура қозғалысының қалада және облысымыздың ауыл-селолық жерлерінде бұрған сайын кең өріс алып отырғандығын айқын дәлелдейді. Спартакиадада спортпен шұғылданушылар қысқа және ұзақ дистанцияларға жүгіру, секіру, жөнінде жарысты. Бұл жолы жарысқа қатысқан спортшылардың көпшілігі өздерінің шеберліктерін өткен жылдардағыдан әлде қайда арттырғандықтарын байқатты.

Мәселен, Ленин ауданының спортшылары бірнеше күнге созылған спартакиада-ның қорытындысында ауыл-село спортшылары арасынан бірінші орынға ие болды. Ал, Явленка орта мектебінің мұғалімі Солопов жолдас ұзындыққа секіруден облыс бойынша бірінші орынды жеңіп алды. Сол сыяқты, екінші орынға ие болған Булаев ауданының және үшінші орынға ие болған Октябрь ауданының

дың басқармалары ауыл-село спортшыларының шеберліктерін арттыра беруге, колхозшыларды спорт жұмысына көптеп қатыстыруға жете назар аударады. Мәселен, Преснов ауданындағы «Жизнь» ауылшаруашылық артелінде «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының жұмысына тікелей колхоз басқармасы басшылық жасайды. Мұнда спорт киімдері мен жабдықтарын сатып алу үшін колхоз басқармасы 4500 сөм қаржы бөлген. Колхозда футбол және волейбол командалары, арнаулы стадион, түрлі спорт алаңдары бар. Сөйтіп, колхозшы жастардың спортпен шұғылдануына қажетті мүмкіншіліктер жасалған.

Бірақ, көптеген ауыл-селолық жерлерде физкультура қозғалысын өрістетеу жергілікті партия және комсомол ұйымдары, колхоз басшылары, аудандық ұйымдар әлі күнге дейін жете назар аудармай келеді. Мәселен, Октябрь ауданындағы «Щит» ауылшаруашылық артелінің басқармасына «Колхозшы» ерікті спорт қоғамын ұйымдастыру жөнінде аудандық Совет атқамі тарапынан бірнеше рет нұсқаулар берілген. Бірақ, бұл жөнінде колхозда күні бүгінге дейін ешбір жұмыс істелген жоқ. Ал, Октябрь аудандық Советінің атқару комитеті өз нұсқауының орындалуын бақыламады.

Мұндай жағдай Петропавл ауданының Сталин атындағы, «Луч Ленина», Соколов ауданының «Победа» колхоздарында да кездеседі.

Жас спортшылардың шеберліктерін арттыра түсу ісінде спорт қоғамдарының нұсқаушылары мең тренерлері шешуші роль атқарады. Бірақ, облыстық, қалалық, аудандық физкультура және спорт комитеттері тарапынан тренерлер мен нұсқаушылардың өзін іріктеп алу, тәрбиелеу ісіне назар басшылық жасалып келеді. Әдетте әрбір ерікті спорт қоғамының тренерлері жыл сайын тіпті бір жылдың ішінде де әлде неше рет ауыстырылып жүр. Мұның өзі спортшылардың біркелкі үйренуіне, спорт шеберлік-

## Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінде

### Ауыл шаруашылығындағы социалистік жарыстың 1953 жылдың алғашқы кезеңіндегі қорытындылары туралы

Ауыл шаруашылығындағы социалистік жарыстың 1953 жылдың алғашқы маусымы бойынша қорытындыларын қарай отырып, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті қаулы етті:

Ауылшаруашылық дақылдарының көктемгі егісін жақсы дайындықпен және ойдағыдай өткізгені үшін, мал қыстатуды және ауылшаруашылық малдарын төлдету науқанын ойдағыдай өткізгені үшін мына төмендегілерге Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы тапсырылсын:

Көкшетау облысы (облыстық атқару комитетінің председателі Хрусталева жолдас, облыстық партия комитетінің секретары Бейсебаев жолдас, облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының бастығы Ерофеев жолдас);

Көкшетау облысының Келлеров ауданы (аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары Киселев жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Зинченко жолдас, аудандық ауылшаруашылығы және дайындау бөлімінің меңгерушісі Кнзбаев жолдас);

Ақмола облысының Новочеркас ауданы (аудандық атқару комитетінің председателі Байлин жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Липитюк жолдас, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің меңгерушісі Айыпов жолдас);

Көкшетау облысының Зеренді МТС (директоры Горячев жолдас, бас инженері Денешук жолдас, бас агрономы Севрюгин жолдас);

сымының қорытындылары бойынша жақсы көрсеткіштері үшін төмендегілер республикалық Құрмет Тақтасына жазылсын:

Жамбыл облысы (облыстық атқару комитетінің председателі Аталықов жолдас, облыстық партия комитетінің секретары Арғынбаев жолдас, облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының бастығы Почанов жолдас);

Ақмола облысы (облыстық атқару комитетінің председателі Тасбаев жолдас, облыстық партия комитетінің секретары Журия жолдас, облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының бастығы Струков жолдас);

Ақмола облысының Еркіншілік ауданы (аудандық атқару комитетінің председателі Зайцев жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Жазин жолдас, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің меңгерушісі Жұмбаев жолдас);

Жамбыл облысының Свердлов ауданы (аудандық атқару комитетінің председателі Досымбаев жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Абубакиров жолдас, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің меңгерушісі Таратун жолдас);

Ақмола облысының Сталин ауданы (аудандық атқару комитетінің председателі Нұрғұшев жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Анасов жолдас, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің меңгерушісі Мироненко жолдас);

Қарағанды облысының Ресмилов ау-

уышылығы және дайындау бөлімінің меңгерушісі Логинов жолдас);

Көкшетау облысының Чкалов ауданы (аудандық атқару комитетінің председателі Чаюк жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Алақазов жолдас, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің меңгерушісі Баймағамбетов жолдас);

Көкшетау облысының Шұчы ауданы (аудандық атқару комитетінің председателі Брович жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Шаянников жолдас, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің меңгерушісі Мұстаев жолдас);

Көкшетау облысының Арықбалық ауданы (аудандық атқару комитетінің председателі Красников жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Мұратбеков жолдас, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің меңгерушісі Чепалдин жолдас);

Қостанай облысының Владимир МТС (директоры Плеханов жолдас, бас инженері Пивоваров жолдас, бас агрономы Олейникова жолдас);

Жамбыл облысының Шу МТС (директоры Адаменко жолдас, бас инженері Ковалев жолдас, бас агрономы Ольховский жолдас);

Ақмола облысының Тельман МТС (директоры Кузьменко жолдас, бас инженері Белов жолдас, бас агрономы Немедленко жолдас);

Оңтүстік Қазақстан облысының Бадам МТС (директоры Дүйсекеев жолдас, бас

## Халықтық демократия елдерінде

### ҚЫТАЙДА СОВЕТ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРАУЫ

ПЕКИН, 5 июль. (СОТА). Азат етілгеннен кейінгі ұшжарым жылдың ішінде совет көркем әдебиетінің көптеген шығармалары қытай тіліне аударылған. Олардың ішінде «Жас гвардия», «Болат қалай шынықты», «Қатардағы солдат Александр Матросов», «Зоя мен Шура туралы повесть», «Күндер мен түндер», «Нағыз адам туралы повесть», «Жер үстіндегі сәуле», «Сұр шинельді үшеу», Маяковскийдің өлеңдері және басқа шығармалары, сол сыяқты, басқа елдердің прогресшіл жазушыларының көптеген шығармалары бар. Орыс классикалық және совет әдебиетінің көптеген шығармалары жаңадан басылған. Оның ішінде Лев Толстойдың, Достоевскийдің, Короленконың, Белинскийдің, Чеховтың, Тургеневтің, Николай Островскийдің, Шолоховтың және басқаларының шығармалары бар.

ССРО және басқа елдердің көркем әдебиетіне деген өсіп отырған тілекті қанағаттандыру мақсатында әдебиет және искусство қызметкерлерінің Бүлкітайлық ассоциациясы Пекинде айына бір рет «Аударма әдебиет» («Ивань») журналын шығара бастады. Журналдың бірінші номерінде Маяковскийдің өлеңдерінің, Борис Полевойның әңгімелерінің, Короленконың әңгімесінің аудармасы, Чернышевскийдің творчествосы туралы, совет әдебиетінің ерекшеліктері туралы мақалалар, чех жазушысы Дрданың әңгімелері және басқа материалдар бар.

### МОНГОЛ-СОВЕТ ДОСТЫҒЫ АЙЛЫҒЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

УЛАН-БАТОР, 4 июль (СОТА). Бүгін кешке Улан-Баторда Совет Одағымен мәдени байланыс қоғамының Монгол Орталық Советінің қоғам өкілдерімен басқосқан, монгол-совет достығының айлығының қорытындысына арналған салтанатты мәжіліс болды. Салтанатты мәжіліске Монгол Халқы-революциялық партиясының және үкметінің басшылары, ССРО-ның, Қытайдың, Кореяның, Польшаның, дипломатиялық өкілдері, совет мәдениет қайраткерлерінің делегациясы совет ар-

спортшылары да соңғы кезде жеңіл атлетика бойынша бірқатар жақсы нәтижелерге ие болғандықтарын көрсетті.

Ауыл-селодағы сыяқты қаланың да «Искра», «Локомотив» ерікті спорт қоғамдарының коллективтері де түрлі спорт түрлері бойынша жақсы көрсеткіштерге ие болып келеді. Егер «Искра» ерікті спорт қоғамының коллективі жеңіл атлетикашылардың облыстық спартакиадасында бірінші орын алған болса, «Локомотив» ерікті спорт қоғамының спортшылары қала бойынша футболдан бірінші орын алу жарысында ұнайды басқа командалардан әлде қайда көп алды.

Спорт қоғамдарының мұндай табыстарға ие болуы ең алдымен жергілікті партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының еңбекшілер бұқарасы арасында спорт қозғалысын кеңінен өрістетуге жете мән беріп отырғандығын айқын дәлелдейді. Солай бола тұрса да, облысымыздың көптеген ерікті спорт қоғамдарының жергілікті ұйымдарында істің жайы мүлдем қанағаттанғысыз болып келеді. Бұл жөнінде, әсіресе, «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының жұмысын атап айта кетуге болады.

Рас, кейбір аудандардағы колхоздар-

терін жетілдіруіне керісінше әсер етпей қоймайды.

Сонымен қатар, физкультура қозғалысы партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары тарапынан күнбе-күн қамқорлық жасалып, көмек көрсетілуін қажет етеді. Сондықтан әрбір колхоз бен совхозда, МТС-те, завод пен фабрикада төменгі физкультура ұйымдарының болуына, спортшылардың өз шеберліктерінің арттыруына қоғамдық ұйымдар үнемі көңіл бөліп отыруға міндетті.

Облысымызда спорттың алуан түрлері бойынша республикалық жарыстарға қатысып, өз категориялары бойынша жақсы көрсеткіштерге ие болып жүрген үздік спортшылар көптеп саналады. Міне, бұл спортшылар арасында жаттығу, оқу-тәрбие жұмыстарының жолға қойылғандығының нәтижесі екендігі сөзсіз. Бірақ, бірқатар спорт ұйымдарында бұл жұмыста үлкен кемшіліктерге жол беріліп келе жатқандығын атап өту қажет. Олай болса, бұдан былайғы жерде қоғамдық ұйымдардың көмегіне сүйене отырып, жергілікті спорт коллективтерінің басшылары мен тренерлері жаттығу, оқу-тәрбие жұмыстарын пәрменді жүргізу ісіне ерекше назар аударуға міндетті.

Ақмола облысының Калинин атындағы МТС, (директоры Трофимов жолдас, бас агрономы Забрудский жолдас, бас инженері Цыгальнюк жолдас);

Оңтүстік Қазақстан облысының Бірінші Тоғай МТС (директоры Ташенов жолдас, бас агрономы Григорьев жолдас, бас инженері Твердохлебов жолдас);

Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют асыл тұқымды мал совхозы (директоры Дворецкий жолдас, бас агрономы Зибарев жолдас, аға механигі Пасечник жолдас);

Қарағанды облысының № 3 сүт-өмешк совхозы (директоры Ткаченко жолдас, бас агрономы Синицкий жолдас, аға механигі Криворучко жолдас, аға зоотехнигі Максимов жолдас).

1953 жылғы жұмыстың алғашқы кезеңінде өндірістік жоспарларын орындауда жоғарғы көрсеткіштерге жетіп, еңбек өнімділігін арттырғаны және жұмыстың өзіндік құнын кеміткені үшін төмендегілерге Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы тапсырылған:

Оңтүстік Қазақстан облысының Киров системалық басқармасы (басқарма бастығы Гафаров жолдас, партия ұйымының секретары Данык жолдас, жергілікті комитеттің председателі Белый жолдас).

Социалистік жарыстың алғашқы мау-

даны (аудандық атқару комитетінің председателі Пезаков жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Максимов жолдас, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің меңгерушісі Ашиев жолдас);

Қостанай облысының Введенский ауданы (аудандық атқару комитетінің председателі Бекбауов жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Борисенко жолдас, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің меңгерушісі Бюжаков жолдас);

Қостанай облысының Аманкелді ауданы (аудандық атқару комитетінің председателі Ізтілеуов жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Досаев жолдас, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің меңгерушісі Ешанов жолдас);

Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс ауданы (аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары Машенов жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Пупашенко жолдас, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің меңгерушісі Сұлтанов жолдас);

Оңтүстік Қазақстан облысының Ильич ауданы (аудандық атқару комитетінің председателі Жұрмұхамедов жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Ескендіров жолдас, аудандық ауыл шар-

уашылығы бөлімінің меңгерушісі Елизаров жолдас);

Оңтүстік Қазақстан облысының Киров МТС (директоры Шалантаев жолдас, бас агрономы Молдаханов жолдас, бас инженері Елизаров жолдас);

Қөкшетау облысының Чкалов МТС (директоры Кулинин жолдас, бас агрономы Иванов жолдас, бас инженері Надворный жолдас);

Қөкшетау облысының Северный МТС (директоры Чжен жолдас, бас инженері Пой жолдас, бас агрономы Косорукков жолдас);

Қөкшетау облысының Красноармейск МТС (директоры Краснов жолдас, бас инженері Бус жолдас, бас агрономы Мерлин жолдас);

Қөкшетау облысының Имантау МТС (директоры Горбань жолдас, бас инженері Сердюк жолдас, бас агрономы Беднарская жолдас);

Қөкшетау облысының Молотов МТС (директоры Батурин жолдас, бас инженері Афанасьев жолдас, бас агрономы Ефимов жолдас);

Талдықорған облысының Киров атындағы совхозы (директоры Константинов жолдас, аға агрономы Жуковский жолдас, аға механигі Нестеров жолдас, аға зоотехнигі Сейтенов жолдас).

тистерінің Монгол Халық Республикасында гастрольде жүрген біртобы және Монгол Халық Республикасына бүгін келген поляқтың «Мазовше» ансамблінің өкілдері қатысты.

Совет Одағы мен мәдениет байланысы қоғамының Монгол Орталық Советінің Председателі Б. Ширендыб айлықтың қорытындылары туралы баяндама жасады.

Монгол-совет достығының айлығы, деп атап көрсетті баяндамашы, монгол және совет халықтарының достығын онан сайын нығайту, Совет Одағының коммунизм құрылысындағы ұлы табыстарын кеңінен тарату және Совет Одағының тәжірибесін меңгеру ұранымен өтті.

Салтанатты мәжілістен кейін совет және монгол артистерінің қатысуымен үлкен концерт берілді.

### СТУДЕНТТЕРДІҢ БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҮШІНШІ КОНГРЕСІ ҚАРСАҢЫНДА

ВАРШАВА, 4 июль. (СОТА). 27 августан 3 сентябрьге дейін Варшавада студенттердің Бүкіл дүниежүзілік үшінші конгресі болады. Конгресс барлық елдердегі студент жастардың көзірі жағдайын талқылауға, сол сыяқты, капиталистік елдердегі студенттердің тұрмыстық және оқу жағдайын жақсарту жолындағы күресін талдауға тиіс.

Поляк Халық Республикасының студент жастары конгреске 25 делегат және 60 бақылаушы жібереді. Жоғары оқу орындарында кәзірдің өзінде жыйналыстар болып өтті.

## Ақтөбеліктердің үндеуіне жауап беруде

ЧКАЛОВО. (Қөкшетау облысы). (ҚазТАГ). Чкалов ауданының Абай атындағы колхозының коммунистері шөп шабу науқанының барысы туралы ашық партия жыйналысында мәселе талқылады. Жыйналыс шөп шабудың, жыйнаудың майлаудың және мал қыстайтын жерлерге шөп тасып жеткізудің барысы туралы егіс бригадалары мен жемшөп дайындау бригадалары бригадирлерінің хабарларын тыңдады.

Колхоздың партия ұйымы жемшөп дайындауға зор көңіл бөлуде. Коммунистер жұмыстың шешуші участоктеріне бекітіліп қойылған. Партияның мүшесі Мақмет Мақжанов шөп майлаушылар мен шөп тасушылар бригадасын басқарады. Мұқанғали Баймұқанов шалқыларды жанып беріп тұрады. Көптеген

коммунистер шөп машиналарының машинистері болып істеп, стахановтық еңбектің онегелерін көрсетуде. Партия мүшесі Дайыр Айнағұлов күн сайын норма бойынша 40 гектардың орнына 50—60 гектар жердің шөбін шабуда. Машинистер Жангожин, Олещук және басқалары одан үлгі алуда. Талдықол участогінде жемшөп дайындап жатқан бригадада партия тобы құрылды.

Ақтөбеліктердің патриоттық шақыруына жауап бере отырып, ауылшаруашылық артелінің партия ұйымы жемшөп дайындауды егін жыйнау басталғанға дейін аяқтау, бұл уақытқа дейін дайындалған жемшөптің 75 процентін мал қыстайтын жерлерге тасып жеткізу үшін күресуде.


## Егін жыйнай бастады

ТАСТАҒ. (Алматы облысы) (ҚазТАГ). Алматы ауданының Ленин атындағы, Сталин атындағы және «Красный трудник» колхоздары Карой отарында арпа оғуға кірісті. Алматы МТС-і егін жыйнауға комбайндар шығарды. Комбайншылар Сергиенко, Кольцов, Хаменко, Чернышев жолдастар егіннің алғашқы гектарларын жыйнады. Комбайншылар Ткаченко мен Волков «Луч Востока» колхозының Байсерке жеріндегі егін жыйнауға кірісті.

Машина-трактор станциясы егін

жыйнау жұмысының жоспарын жасап, оны МТС-тің советінде бекітті. Егін жыйнау және астық бастыру жұмыстары түгел машиналармен жүргізіліп, 20 жұмыс күнінде аяқталады. Совет комбайнның жұмыс нормаларын бекітті, егін жыйнау жұмыстарын комплексті механикаландыру әдісін қолдану шараларын белгіледі. Комбайн егінді орып өтісімен ақ одан шыққан сабан дереу маяланады.

Комбайншылар арасында егін жыйнауды қысқа мерзімде өткізу үшін жарыс өрістеуде.



Қазақ ССР. Өскемен су электр станциясы.

Суретті түсірген В. Смирнов.

(СОТА-ның фотохроникасы).



